4) білім беру ұйымдарына төсбелгі саны білім бөлімі ұсынған негіздеме санына (разнарядка) сай беріледі;

4) хаттама және марапаттау парағына кандидатураны ұсынып отырған білім беру ұйымының басшысы қол қояды;

5) білім бөлімінде құрылған комиссия он күннің ішінде қарап, шешім қабылдайды (қосымша 1);

6) төсбелгімен марапаттау білім бөлімінің бұйрығымен жүзеге асырылады.

7) мектеп басшыларын төсбелгімен марапаттау үшін ұсынысты білім бөлімінің басшысы береді.

## 4. Комиссияның қарауы

1) комиссия ашық дауыс беру арқылы алқалы түрде төсбелгімен марапаттау туралы шешім қабылдайды. Егер Комиссия мүшелері дауысының жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда, шешім қабылданды деп есептеледі. Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептейді;

2) комиссия хаттамамен ресімделетін мына шешімдердің бірін қабылдайды;

3) төсбелгімен марапаттау туралы ұсынысты қанағаттандыру ;

4) төсбелгімен марапаттау туралы ұсынысты қабылдамау;

5) төсбелгімен марапаттау туралы ұсынысты материалдарды қосымша ресімдеу үшін кері қайтару;

6) төсбелгіні тапсыру салтанатты жағдайда жүргізіледі және марапатталушының өзіне табыс етіледі;

7) төсбелгіні тапсыруды білім бөлімінің басшысы немесе оның тапсырмасы бойынша басқа да лауазымды адамдар жүргізеді;

8) әрбір марапатталушыға төсбелгіні тапсырумен бір мезгілде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім бөлімінің басшысы қол қойылған тиісті куәлік беріледі;

9) төсбелгімен қайта марапаттауға жол берілмейді.